

Бегимкулова Элмира Алимбековнанын

8D07159 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»

білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Автомобиль жолдарын салуда компоненттерді автоматты түрде төгуге арналған битумқиыршықтастаратқыштың функционалды тораптарын әзірлеу» тақырыбына ұсынылған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісі **Жусупов Кенес Амирловичтің**

ПІКІРІ

Э.А. Бегимкулованың диссертациялық жұмысы мамандандырылған құрылыс-жол машиналары – битум-қиыршықтастаратқыштарды (БҚТ) зерттеуге арналған. Жол бетіне тұтқыр мен қиыршық тасты синхронды түрде төгіп-тарату режимінде БҚТ-ды автоматты басқару жүйелерімен (АБЖ) жабдықтау ұсынылды. Бұл жаңа ғылыми бағыт болып табылады. БҚТ-дың штаттық түйіндері компоненттерді автоматты режимде төгіп-тарату процесін жүзеге асыруға қажетті техникалық құралдармен жабдықталмағандықтан, автор шағылыстырғыш экранды, көпсекциялы кузов, қозғалмалы шток бөлігі бар гидроцилиндр, дөңгелек шинасындағы қысымды бақылау құрылғысы, сондай-ақ АБЖ атқарушы механизмі сияқты тораптар мен механизмдерді әзірледі.

Автор жасаған функционалды тораптар мен механизмдер битум-қиыршықтас тарату процесін автоматты басқарудың ҚР-ның алты патентімен қорғалған бір контурлы жүйе және ҚР патентімен қорғалған екі контурлы жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Э.А. Бегимкулова ұсынған екі кузовты және жылжымалы тасымалдағышы бар БҚТ-тың жаңа компоновкалы сұлбасы (ҚР №36509 патенті), сондай-ақ БҚТ-тың барлық мүмкін болатын компоновкаларына салыстырмалы талдау нәтижелері ерекше атап өтіледі.

АБЖ іске асырудағы ең күрделі мәселе – АБЖ-нің жұмыс істеуін ақпараттық-метрологиялық қамтамасыз ету болып табылады. Автор бұл тапсырманы да сәтті шешіп, алғаш рет жаңа метрологиялық құралдарды – кез келген нысандардың бір-біріне қатысты немесе бірлесе бұрылуын өлшеу құрылғысын, БҚТ кузовының көлбеу бұрышын өлшеу құрылғысын және БҚТ шассисінің көлбеу бұрышын өлшеу құрылғысын жасады.

Көлбеу бұрышты өлшеу құрылғысының өлшеу қателіктерін талдау нәтижелері және БҚТ кузовының көлбеу бұрышын өлшеу әдістемесі бойынша

құрастырылған аттестат оның жұмысқа қабілеттілігін, соның ішінде битум-қиыршықтас тарату процесін автоматты басқару жүйесі құрамында да жұмыс істеуін растады.

Диссертациялық жұмысты орындау барысында алынған аралық және түпкілікті нәтижелер бірнеше рет талқыланды.

Автор өз зерттеулерінің нәтижесінде БҚТ жұмысының тиімділігін арттыруға қол жеткізді. Ұсынылған барлық техникалық шешімдерді өндірістік тұрғыда жүзеге асыруға болады.

Автор тұжырымдаған мақсаттар мен міндеттер, сондай-ақ диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес келеді.

«Машина жасау» бағыты бойынша Мамандырылған Ғылыми Кеңесте қорғауды орынды деп санаймын.

Барлық теориялық, конструкторлық және эксперименттік зерттеулер көлемін автор өз бетінше жүзеге асырды. Э.А. Бегимкулованың жұмысы аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Әдістемені таңдау, конструкторлық-технологиялық сүйемелдеу және эксперименттік зерттеу әдістері толық негізделген.

Э.А. Бегимкулованың «Автомобиль жолдарын салуда компоненттерді автоматты түрде төгуге арналған битум-қиыршықтастаратқыштың функционалды тораптарын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті мәселені қарастырған және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады, ішкі бірлігі бар, үлкен теориялық және практикалық маңызға ие деп санаймын.

Э.А. Бегимкулованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (ҚР ҒжЖБМ СҚК) философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және «Машина жасау» бағыты бойынша Мамандырылған Ғылыми Кеңеске ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші



Жусупов К.А.

т.ғ.к., «АКҚжӨТҚ» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,
М. Тынышпаев атындағы АЛТ
Университеті

Жусупова К.А қолын сендіремін